

Бекітемін:

Мектеп директоры: Адилов Ш.Б.

Шеңгелши негізгі орта мектебі атындағы

«Қоғамға қызмет» волонтер ұйымының 2023-2024 жылға

арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс – шара атанды	Орындау мерзімі	Аяқталу нысаны	Орындауда жауапты
1	Қоғамға қызмет волонтер ұйымының отырысы	Қыркүйек	Тазалық акциясы	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А. Ұйым мүшелері
2	«Birgemiz: Qatqor» акциясы (қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жоспасы	Қыркүйек	Өтетін шараларға байланысты отырыс	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А. Ұйым мүшелері
3	Қарттарымыз қазынамыз! мерекелерімен құттықтау	Қазан	Әлеуметтік парақшага жолдау	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.
4	■ «Birgemiz: Taza Alem» акциясы ■ (қоршаган ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отыргызу және т.б.) «Қамқор» жоспасы	Қараша	Көмек пен қолдау көрсету	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.
5	Ақтөбе облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары	Желтоқсан	Шараны ұйымдастыру	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.
6	«Кел, Жаңа жыл!» мерекелік кеш	Желтоқсан	Әлеуметтік парақшага жолдау	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.
8	Барлық білім беру үйымдарындағы «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубының жұмысын жасау	Қантар	Бейнероликтер	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.
9	“Ұлық болсаң, кішік бол!” акциясы Ауыл үлкендеріне аула тазалауға көмектесу, қар ашу	Ақпан	Клуб жұмысын жандандыру	МДТДЖО: Канатова Г.С. Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.

10	Қоғамға қызмет волонтерлар үйімінің жиналышы	Ақпан	Өткен шараптарға байланысты отырыс өткізу	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.
11	«Карттарымыз қазынамыз!» акциясы Алғыс айту мерекесіне орай, ауыл қарияларын күттүктау	Наурыз	Ауыл қарияларына құттықтау	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.
12	«Таза Әлем» қоршаган ортаны қорғау акциясы	Наурыз	Экологиялық акция	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А. Класс жетекшілер
13	«Бүкіл Қазақстандық ағаш отырғызы күні»	Сәуір	Экологиялық акция	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.
14	«Қоғамға қызмет» волонтер үйімінің отырысы	Мамыр	Өткен шараптарға байланысты отырыс өткізу	Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.

2023-2024 оку жылы

Шенгелши негізгі орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы

«Үміт» волонтер ұйымының жылдық жұмысы бойынша

ЕСЕБІ

Қыркүйек айында «Үміт» волонтер ұйымының жұмыс жоспары бойынша көршаган ортаны қоргау мақсатында тазалық күні ұйымдастырылды. .

Мақсаты: окушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Тазалық күніне 5-9 класс окушылары белсенді түрде қатысты. Түстен кейінгі окушыларымыз таңғы мезгілде келіп тазалық жүргізді. Таңғы уақытта оқитын окушылар түстен кейінгі мезгілді келіп тазалық жұмыстарын жүргізген болатын. Окушылар еш қарсылық білдірмей, бір ауыздан жұмыс жасап, еңбек еткен болатын.

Қыркүйек айында **волонтер ұйымының отырысы** өткізілді. **Мақсаты:** алдағы болатын жұмыс жоспарымен бөлісу. Отырыста барлық волонтер ұйымының мүшелері толық қатысқан болатын. Өз ойларын білдіріп, ортаға бөлісіп отырды.

Қазан айында қарттар күніне орай «**Қарттарым – асыл қазынам**» атты мерекелік кеш құйымдастырылды. **Мақсаты:** үлкенге құрмет көрсету. Мерекелік кеште ән айтылып, би билеп, үлкендерімізге жылы лебіздерін білдірген болатын. Ұстаздарымыз қарияларымызға сыйлықтарын табысталап, құрмет көрсетті.

Қазан айында жәрменкелер ұйымдастырылып «**Мейірімділік ошағы**» акциясы бойынша қайырымдылық қорына қаражат белінген болатын. **Мақсаты:** мейірімді, жанашыр, қайырымды болуга тәрбиелеу. Қаражат жағдайы төмен окушымызға киім кешегін алыш берілді. Басты мақсат қамқорлық көрсету болды.

Караша айында «**Тазалық сақтай білейік!**» атты тазалық күні ұйымдастырылды. Тазалық күніне барлық 7-9 класс окушылары қатысты. **Мақсаты:** окушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Тазалықта мектеп ауласы мен мектеп айналасы жинастырылды. Окушылар тазалық күніне барлығы қатысып, белсенділік танытқан болатын.

Желтоқсан айында «**Волонтер болу – өмірлік ұстанымым!**» атты бейнеролик ұйымдастырылды. **Мақсаты:** волонтер болуга шақыру. Бейнеролик жасамас бұрын, окушылар ерікті түрде қар аршуға көмектескен болатын. Көмек көрсеткеннен кейін бейнеролик түсірді. Басты мақсат волонтер болу кез-келген дүниеге ерікті түрде көмек көрсету болатын.

Қантар айында жұмыс жоспарына сәйкес «**Қоғамға қызмет**» волонтер клубының жұмысын жасау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Алдағы болатын жұмыс жоспарларымен таныстырылып, окушылардың өз ойларын білген

болатынбыз. Түрлі ойлар қозғалып, пікірталас жүргізілді. Өткен жұмыстарға шолу жасалып, талқыланды.

Ақпан айында «Ұлық болсан, кішік бол» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: ауыл үлкендеріне аула тазалауға қар ашуға көмектесу. Волонтер ұйымының мүшелері ауыл қарттарына аулаларын тазаауға ниеттерін білдірді. Қар ашып, жинақтау жұмыстары жүргізілді. Мектеп ауласының қарын ашуға да кірісіп кетті. Ауыл тазалайтын апайларға көмектесуге ниеттерін білдіріп, барынша көмектесті. Әрдайым «Ұлкенге- құрмет, кішіге-ізет» көрсете білу керек екені айтылды.

1-наурыз алғыс айту күніне орай «Қарттарымыз қазынамыз – алғыс айту» атты іс-шара ұйымдастырылды. Оқушылар ардагер ұстазымызды құттықтап, алғыстарын білдіріп, ризашылықтарын айтқан болатын. Ардагер ұстаз оқушыларға батасын беріп, оқуда озат болуларын тіледі.

Наурыз айында «Таза әлем» қоршаған ортаны қорғай отырып, тазалауға волонтер ұйымының мүшелері тазалық күнін ұйымдастырган болатын. Тазалық күніне 5-6 класс пен 7-9 класс арасындағы оқушылары белсенділік танытты. 5-6 класс оқушылары мектеп ауласы мен айналасын, 7-9 класс оқушылары ауыл көшелерін жинастырып, тазалық жасаған болатын.

Мектеп директоры:

Адилов Ш.Б.

Волонтер ұйымының жетекшісі:

Турешова Ж.А.

